

Түркістан облысының
білім басқармасының
Төлеби ауданының білім
бөлімінің
«Жыланбұзған» жалпы
білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Государственное
коммунальное учреждение
«Общеобразовательная
школа «Жыланбұзған»
отдела образования
Төлебийского района
управление образования
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ

02.09.2019ж

Сұлтанрабат ауылы

ПРИКАЗ

№ 20

село Сұлтанрабат

Мектепшілік «Бойжеткен» қыздар клубының жұмысын жүргізу туралы

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында мектептегі қыз балаларды Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, ұлттық құндылықтар арқылы адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қимқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту, нәзіктік пен сұлулыққа, ыбалылық пен сыпайылыққа тәрбиелеу, еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Бойжеткен» қыздар клубы жүргізілсін.
2. Мектепшілік «Бойжеткен» қыздар клубының жұмыс жоспарын жасау, іс шараларды ұйымдастыру жауапкершілігі ДТЖКО А.Тунгушбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:

К.Алтаева



Бұйрықпен таныстым:

(егімі)

А.А.
(қолы)

А.Тунгушбаева
(қолы/баспаға толық мәні)

Орындған ДТЖКО А.Тунгушбаева



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
Қыз балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған
«Бойжеткен» қыздар клубының жылдық жоспары
2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: мектеп жасындағы қыз балалардың бойында ұлттық тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді, сыпайылықты, өзін-өзі дұрыс ұстау мәдениетін, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру; жеке тұлға ретінде рухани-адамгершілік, әлеуметтік, эстетикалық және психологиялық даму деңгейін арттыру арқылы болашақта парасатты ана, тәрбиелі жар, ұлт ұйытқысы болуына бағыт беру.

Міндеттері:

1. Қыз балаларды отбасылық құндылықтарды құрметтеуге және әйел затына тән қасиеттерді қадралауға үйрету.
2. Өзін-өзі бағалау, әдеп сақтау, киім-кешік мәдениетін қалыптастыру.
3. Жеке бас гигиенасын сақтау, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту.
4. Сыныптағы, мектептегі және отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
5. Қыз балалардың психологиялық саулығын бақылау және қолдау көрсету.
6. Қоғамдағы теріс әрекеттердің (ерте жүктілік, буллинг, әлеуметтік тәуекелдер) алдын алу.
7. Қыз балаларға арналған іс-шаралар, кездесулер, тренингтер арқылы тәрбие беру процесін жүйелі жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

- Қыз балалар бойында инабаттылық, сыпайылық, әдептілік, тазалық, ұқыптылық қасиеттері қалыптасады.
- Қыздар арасында өз-өзіне деген сенімділік артып, тұлғалық дамуына жағдай жасалады.
- Отбасылық және ұлттық құндылықтарды құрметтейтін саналы ұрпақ қалыптасады.
- Мектептегі қыз балалар арасында тәртіп, мәдениеттілік, бір-біріне деген құрмет артады.
- Қыз балалар теріс әрекеттер мен тәуекел жағдайлардан аулақ болады.
- Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығаяды.

№	Аткарылатын іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында жылдық жоспарды бекіту	Бұйрық, жоспар	Мектеп директоры К.Алтаева ДТЖО А.Тунгушбаева	2025 жыл қыркүйек
2.	Мектептегі «Бойжеткен» қыздар клубы құрамын жаңарту, жетекшісін тағайындау	Бұйрық	ДТЖО А.Тунгушбаева	2025 жыл қыркүйек
3.	Ашық тәрбие сағаты: «Қыз – ұлттың инабатты айнасы»	Жоспар, фотомәлімет сілтеме	10-11 сынып жетекшілері Клуб құрамы	2025 жыл қыркүйек
4.	Тренинг: «Өз-өзіңді бағала және сыйла»	Жоспар, фотомәлімет сілтеме	Психолог М.Адилова	Қазан
5.	Санитарлық-гигиеналық тәрбие: «Жеке бас тазалығы – қыз баланың тән мәдениеті»	Жоспар, фотомәлімет сілтеме	ДТЖО А.Тунгушбаева Медбике Д.Мұдыбаева	Қараша
6.	«Әдепті қыз – арым, ұятым» тақырыбында қыздарға арналған әдеп сабақтары	Жоспар, фотомәлімет сілтеме	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	желтоқсан
7.	Психологпен кездесу: «Жасөспірім жастағы қыздардың психологиялық ерекшеліктері»	хаттама, фотомәлімет сілтеме	ДТЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова	қаңтар
8.	Ана мен қыз көші: «Ана – өмір шуағы»	Мәлімет, фотомәлімет сілтеме	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	ақпан
9.	Қыз балалар арасында спорттық сайыс: «Сымбатты қыз – дені сау ұрпақ»	фотомәлімет сілтеме	ДТЖО А.Тунгушбаева ПУ М.Адилов Клуб құрамы	наурыз
10.	«Қыз тәрбиесі – болашақ ана тәрбиесі» тақырыбында бейнефильм көру және талдау	фотомәлімет сілтеме	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	сәуір

10.	«Қыз тәрбиесі – болашақ ана тәрбиесі» тақырыбында бейнефильм көру және талдау	фотомәлімет сілтеме	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	Сәуір
11.	Қыз балалардың сырт келбеті мен киім кию мәдениетіне қатысты әңгіме	фотомәлімет сілтеме	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	Айына бір рет
12.	Қорытынды отырыс: Жыл бойғы жұмысты талдау, пікір алмасу	есеп	ДТЖЖО А.Тунгушбаева	мамыр

Орындаған ДТЖЖО А.Тунгушбаева

